

**ҚАЗАҚ АҚБАС СИЫРЛАРЫН ШЕТЕЛДІҢ БОЙШАҢ ЖӘНЕ
ОТАНДЫҚ ӘУЛИЕКӨЛ ТҰҚЫМЫНЫҢ АТАЛЫҚТАРЫМЕН
БУДАНДАСТЫРУ ТИІМДІЛІГІ**

Н. М. Губашев, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада қазақтың ақбас малын шетелден әкелінген бойшаң және отандық әулиекөл тұқымының аталықтарымен будандастырудың тиімділігі мәселесі қарастырылған. Тірі кезіндегі еттілік өнімділігі және өсу қарқыны динамикасы зерттелді.

В статье рассмотрены вопросы эффективности скрещивания казахского белоголового скота с производителями импортных великорослых и отечественной аулиекольской породами. Изучены динамика живой массы и интенсивность роста чистопородного и помесного молодняка.

The questions of efficiency of crossbreeding Kazakh white-haired live-stock with producers of import large and domestic Auliekol breed are considered in the article. The dynamics of alive mass and intensity of growth of thoroughbred and hybrid young animals was studied.

Соңғы уақытта етті ірі қара шаруашылығында тіршілік ету жағдайына қабілеттілігі жоғары, еттілік сапасы жақсы болу сияқты өзгеше ерекшеліктер тән қазақтың ақбас сиырларының генетикалық мүмкіндіктері кеңінен қолданылуда. Әдетте ол тезжетілгіш болып табылатындықтан тұқымға тиісті потенциал қазіргі талаптарға сәйкес келмейді. Оны тұқымішілік асылдандыру әдісімен өзгерту ұзақ уақытты қажет етеді. Отандық және шетелдік тәжірибе дәлелдегендей, мұндай жағдайда өнеркәсіптік будандастыру жолымен жүріп, будан табындар құру мақсатқа сай. Осыған орай, біздер қазақ ақбас сиырларының аналықтарын шетелден әкелінген бойшаң және отандық әулиекөл тұқымының аталықтарымен будандастырудың түрлі сызбаларын зерттеуді міндет еттік.

Тәжірибе үшін жаңа туылған жас малдардан I – қазақ ақбас, II – симментал х қазақ ақбас, III – лимузин х қазақ ақбас, IV – әулиекөл х қазақ ақбас бұқашықтарының 4 тобы құрылды. Етті ірі қара шаруашылығын жүргізудің тиімділігін анықтайтын негізгі факторлардың бірі және малдың өсуі мен оның тірі кезіндегі еттілік өнімділігінің деңгейін сипаттайтын маңызды көрсеткіш генетикалық жағынан негізделген тірілей салмақ.

Малдар генетикалық әлеуеті бойынша ерекшеленіп, сыртқы ортаның бірдей жағдайында екі түрлі өсу энергиясын көрсетті, сондықтан тірілей салмақтары да түрліше болды. Будандастыру өнімділік қасиеттерді жоғарылатудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырады. Бұл мүмкіндіктердің будандастыру барысында бастапқы тұқымдарды дұрыс таңдауға байланысы елеулі түрде екенін ескерген жөн.

Біздің тәжірибемізде будандастыруда етті симментал, лимузин және әулиекөл сияқты бойшаң тұқымның бұқаларын пайдалану етті малдың өнімділік қасиеттерін жоғарылатудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырады. Бұл кезде жаңадан туылған жас малдың тірілей салмақтары бойынша топаралық айырмашылықтары да анықталды

(1 кесте).

1 кесте – Бұқашықтардың тірілей салмақтарының динамикасы, кг ($X \pm Sx$)

Жасы, ай	Топ			
	I	II	III	IV
Жаңа туғандар	24,9 ± 0,63	30,0 ± 0,58	26,9 ± 3,65	27,8 ± 0,58
3	98,7 ± 2,74	107,8 ± 2,84	102,0 ± 3,14	104,3 ± 2,45
8	212,4 ± 4,11	228,1 ± 5,13	221,8 ± 4,28	224,6 ± 3,87
12	309,8 ± 5,38	327,5 ± 6,18	314,8 ± 6,25	318,7 ± 5,74
15	394,2 ± 5,65	421,3 ± 4,87	405,2 ± 6,18	410,8 ± 6,11
18	458,5 ± 8,23	498,7 ± 6,84	471,4 ± 7,48	482,2 ± 5,62

Будан бұқашықтар тірілей салмақтарының жоғарылығымен сипатталды. Олардың таза тұқымды құрдастарынан зерттелетін белгілері бойынша артықшылығы 2,0-5,1 кг-ды құрады (8,0-20,5 %, $P > 0,99$). Будан бұзаулардың тірілей салмақтарының жоғарылығына қарамастан туған кезде ауыр бұзаулау байқалмады.

3 айдан 8 айға дейін жазғы жайылым кезінде будан бұқашықтар, әсіресе симментал будандары ең жоғары өсу энергиясымен ерекшеленді. Енесінен айырап кезде тірілей салмақтары қазақ ақбас тұқымының құрдастарымен салыстырғанда 15,7 кг-ға немесе 7,4 %-ға асып түсіп, 228,1 кг-ды құрады. Осы жастағы I және III, I және IV топтар арасындағы айырмашылық сәйкесінше 9,4 және 12,2 кг немесе 4,4 и 5,7 % болды ($P > 0,95$).

Бұзауларды ежелерінен айырғаннан кейінгі азықтандыру және күтіп-бағу жағдайларының күрт өзгеруіне байланысты жас малдарда өсу қарқындылығының айырмашылығы байқалды. орай

Егер I, II топ бұқашықтарында 8-ден 12 айлық жасқа дейінгі аралықта тірілей салмақтарының орташа тәуліктік өсімі артқан болса, лимузин х қазақ ақбас және әуликөл х қазақ ақбас тұқымдарынан алынған будан құрдастарында керісінше төмендеу байқалды.

Біздің пікіріміз бойынша, байқалған құбылыс малдардың жаңа үйлесімділіктерінің жаңа бағып-күту жағдайына бейімделу кезеңі температураның күрт төмендеуімен (+11,5 бастап - 20,5 °C дейін), жаңбыр және жабысқақ қар түріндегі жауын-шашынмен сипатталатын күз-қыс айлармен тұспа-тұс келуінің салдары. Бұл уақытта малдарды бағып-күту орындарының санитарлық жағдайы нашарлады.

Қазақ ақбас тұқымының малдарымен қатар, олардың симменталдық будандарының қолайсыз ауа-райы жағдайына біршама тұрақты болуын отандық тұқым малдарының және олардың жоғарыда аталған тұқымдардан алынған будандарының биологиялық ерекшелігімен түсіндіруге болады.

Түрлі топтардың тәжірибеге алынған жас малдар ағзасының өзгеріп отыратын қоршаған орта жағдайына түрлі реакциясының әсерінен тірілей салмақ бойынша абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштерінің тұқымаралық айырмашылықтары жасына қарай артты.

Өсудің барлық кезеңінде бірінші ұрпақ будандарының тірілей салмақ көрсеткіштері таза тұқымды құрдастарымен салыстырғанда жоғары болды. Егер, симментал, лимузин және әуликөл будандары 12 айлық жаста тірілей салмақтары бойынша таза тұқымды қазақ ақбас бұқашықтарынан сәйкесінше 17,7; 5,0 және 8,9 кг-ға (5,7 %; 1,6 және 2,9 %) артса, өсіру соңында бұл артықшылық 40,2; 12,9 және 23,7 кг-ды құрады (8,8; 2,8 және 5,2 %).

Барлық жастық кезеңде таза тұқымды қазақ ақбас және лимузин будандары арасындағы тірілей салмақ бойынша айырмашылық айтарлықтай болған жоқ. Зерттелетін барлық өсу кезеңінде аталған көрсеткіш бойынша басымдылық симментал

Ауыл шаруашылық ғылымдары

Зоотехния

будандары жағында болды. Әуликөл будандары тірілей салмақтары бойынша барлық жастық кезеңде II топтағы аналогтарына жақындап, аралық орынды иеленді.

Тірілей салмақтың орташа тәуліктік өсімі малдардың өсу қарқындылығы барысындағы маңызды көрсеткіш екені мәлім. Малдарды жас кезінде денесінің үлкен тірілей салмағымен алу өсу энергиясы жоғары болғанда ғана мүмкін (2 кесте).

2 кесте – Бұқашықтардың тірілей салмақтарының орташа тәуліктік өсімі, г ($X \pm Sx$)

Жастық кезең, ай	Топ			
	I	II	III	IV
0-8	772 ± 10,82	815 ± 15,32	802 ± 13,77	810 ± 18,17
8-12	804 ± 29,6	822 ± 21,16	769 ± 19,42	778 ± 23,74
12-15	927 ± 27,43	1031 ± 29,25	993 ± 24,13	1012 ± 30,24
15-18	707 ± 30,14	851 ± 28,46	727 ± 16,85	785 ± 21,48
0-18	794 ± 17,85	858 ± 19,32	814 ± 17,64	832 ± 14,74

Зерттеудің барлық кезеңінде тірілей салмақ бойынша орташа тәуліктік өсім тәжірибелік малдардың барлық тобында жеткілікті түде жоғары болды. Ең жоғары деңгей 12-ден 15 айлық жасқа дейінгі көктемгі-жазғы өсіру кезеңінде, яғни жас малдарға азықтандыру және бағып-күтудің қолайлы жағдайы жасалғанда байқалды. Бұл кезеңдегі ең жоғары көрсеткіш симментал будандарында 1031 г-ды құрап, бұл малдар генотипінің еттілік өнімділіктерінің өсуінің жоғары генетикалық әлеуетін дәлелдейді.

Бұл кезде 12 айдан 15 айлық жасқа дейінгі кезеңде симментал будандары таза тұқымды бұқашықтардан тәуліктік салмақ өсімі бойынша 104 г-ға артық болды (11,2 %, $P > 0,99$). Лимузин және әуликөл будандары зерттелетін көрсеткіштері бойынша I және II топтағы құрдастарының арасында симментал будандарына жақындап аралық орынды иеленді.

Бұл таза тұқымды және будан малдардың сойыс жасына түрліше ықпал ету қажеттігін куәландырады.

Өсіру кезеңі барысында түрлі топтардың малдары арасындағы салыстырмалы салмақ өсімі бойынша айырмашылық айтарлықтай емес және 177,3-179,4 % аралығында болды.

Толықтай айтқанда барлық топтың жас малдары өнімділік қасиеттерінің жеткілікті түрде жоғары деңгейімен ерекшеленді. Бұл кезде анық басымдылық будандар жағында болды.

Осылайша, симментал, лимузин және әуликөл сияқты бойшаң тұқымдар бұқашықтарын будандастыруда қолдану етті ірі қараның өнімділігін жоғарылатудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырады.